

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

-тәжірибелік топтағы балалардың психикалық функцияларын қалыптастыру сапасы жоғарылады;
-аталмыш жаттығуларды, тапсырмаларды орындауда балалардың белсенділігі, қызығушылығы арта түсті;
-аутизмі бар балаларға жүргізілген эксперименттен кейін балалар мен педагог арасындағы қарым-қатынас жаңа қарқын алды;
-аутизм диагнозы бар балаларға эксперимент жүргізу нәтижесінде жақсы нәтиже көрсетілді.

Жалпы, аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді, олармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына барынша мүмкіндік береді, қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Щипицина Л.М. Детский аутизм. -СПб.: Дидактика Плюс. -2018.-120б.
2. Мамайчук И.И. Помощь психолога детям с аутизмом. -СПб.: Речь, 2017. -35б.
3. Юханнсон И. Особое детство. -М.: Центр лечебной педагогики. -2021. -130б.
4. Аршатская О.С. Психологическая помощь ребенку раннего возраста при формирующемся детском аутизме. -Москва: Центр лечебной педагогики. -2018. -46-56б.
5. Питерс Т. Аутизм: от теоретического понимания к педагогическому воздействию. -СПб.: Ин-т специальной педагогической и психологии. -2019. -150б.

ОӘЖ 378. 412

ВОЛОНТЕРЛІК ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Умбетхан Нурсаулеш, магистрант
nursaulesh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: А.И.Айберген - п.ғ.к., доцент

Волонтерлік - әрбір жеке тұлғаның азаматтық сана-сезімі мен рухани принциптерінің және адамгершілік қасиеттерін білдірудің бір нысаны болып табылады. Мәні мен мазмұны «ақысыз, саналы түрде өз еркімен өзгелердің игілігіне «жасалған іс бола тұрып, волонтерлік «азаматтық қоғамның фундаменти болып саналып, «адамзаттың татулық, бостандық, қауіпсіздік, өзге мемлекеттердің халқына әділдікпен қарау» сынды ұмтылыстарына қол жеткізулеріне мүмкіндік тудырады [1].

Еріктілер - бұл өз ынтасымен азаматтық қоғамның игілігі үшін әрекет ететін, өзінің білімін, уақыты мен күшін материалдық сыйақы алуға немесе ақы төленетін жұмысқа емес, бірлескен әлеуметтік күш үшін арнайтын адамдар. Ерікті қызмет белгілі бір міндет бойынша бірлесіп жұмыс жасау достық пен өзара түсіністікті құрудың тиімді әдістерінің бірі деген идеяға негізделген, ал жобалар диалогтың, әр адамның қабілетіне қарай жұмыс істеу мүмкіндігінің негізі болып қызмет атқарады.

Қазіргі уақытта әлемде бірқатар халықаралық волонтерлік бірлестіктер бар, олар әлемдік ауқымдағы волонтерлік принциптің жұмысында шешуші және ғаламдық рөл атқарады. Ерікті ұйымдардың әлемге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуде және оны білдіру құралдарымен қамтамасыз етудегі рөлі әлемдік деңгейде өсіп келеді.

Әлемнің көптеген елдерінде еріктілер қозғалысын дамыту мемлекеттік маңызы бар міндетке айналды. Еріктіліктің өсіп келе жатқан әлеуметтік маңызын Қазақстанда мойындайды, мысалы 2019 жылдың мамыр айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялауы кездейсоқтық емес.

Қазіргі уақытта мемлекеттің алдында волонтерлік жылы аяқталғаннан кейін волонтерлік саласында қандай саясат жүргізу керектігі туралы мәселесі тұр. Волонтерлік қызмет саласында мемлекеттің сындарлы саясатының болмауынан Қазақстанда еріктілер қозғалысының дамуы айтарлықтай баяулайтыны анық [2].

Қазақстанда Ұлттық волонтерлік желісі жұмыс жасайды, оның құрылған уақыты: 2010 жылғы 30 сәуір. БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы және Қазақстанның Азаматтық Альянсының жобасы. Волонтерлік ұйымдарды, волонтерлермен жұмыс жасайтын ҰЕҰ-ларды, сонымен қатар, волонтерліктің дамуына қызығушылық білдіретін жеке тұлғаларды біріктіреді. Мақсаты: еріктілік бастамалардың әрі азаматтық қоғамның толыққанды және үдемелі дамуы. ҚР-да волонтерлік мәдениетті дамыту. Желінің дамуы: ҰВЖ мүшелерімен жұмыс: ақпарат алмасу, білім әрі машықтарға үйрету, қолдау көрсету және т.б.

Білім беретін волонтерлік лагерлер немесе мектептер: 2010 жылдың қараша айында волонтерлермен жұмыс істейтін ҰЕҰ-ларға арнап, Бурабай жерінде халықаралық волонтерлік лагерь өткізілді. Оған Қытайдан келген срапшылар, БҰҰ волонтерлері, АҚШ Бейбітшілік Корпусының волонтерлері қатысты.

Халықаралық қызметестіктің дамуы: Қазақстандағы БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы, АҚШ Бейбітшілік Корпусы, ASA германдық қызметі. Желіге мүше болу арқылы волонтерлік туралы ақпарат пен қорларға қол жеткізу. Волонтерлікті дамытуға қызығушылық білдіргендерге өзара көмек, өзара қолдау көрсету әрі өзара байланыс орнату. Білім алу мүмкіндігі, іссапарлар, гранттар алу және бірлескен желілік жобаларды іске асыру мүмкіндігі және т.б. ие болады. ҰВЖ-мен серіктестікте көптеген шаралар өткізілген. Мысалы:

-Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері Қоршаған ортаны қорғау министрлерінің 6-шы конференциясы (MCED-6).

-ЕҚЫҰ Саммиті.

-2011 жылғы 7-қысқы Азия ойындары.

-Аталмыш шаралардың топтар көшбасшыларын және волонтерлерін дайындау бойынша негізгі жаттықтырушылар – ҰВЖ мүшелері.

-«Бірлігіміз жарасқан! Көптің тілегі –күш!» атты концерт-фестиваль, Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының 17 сессиясы және т.б.

Волонтерлік іс -қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтерлік (ерікті) қызмет болып табылады, оларға келесі түрлерін жатқызуға болады:

-Ағаш, өсімдіктер, көгалдар, түптерді отырғызып, өсіру;

-Азаматтардың мынадай сияқты әлеуметтік санаттарына көмек: егде адамдар, қамқорсыз бала-шағалар, баспанасыз адамдар, жастар, студенттер, мүмкіндіктері шектеулі адамдар (мүгедектер), бұрынғы тұтқындар, т.б;

-Жануарларға көмек, қорықтар мен хайуанаттар саябағына ерікті көмек;

-Ауланы, телімдерді, қалалық көшелерді абаттандыру;

-Салауатты өмір салтын насихаттау;

-Экологияны жақсарту: қоқыстарды жинау, сенбіліктерді ұйымдастыру т.б;

-Қайрымдылық концерттері мен театр қойылымдары;

-Нашақорлық, жасөспірімнің айыпкерлігін алдын алуға арналған оқтаулы әңгімелерін жүргізу;

Волонтерлер - тек альтруистер емес, олар тәжірибе алу үшін, дағдыларды және білімдерді арттыру үшін, дербес қарым-қатынастың қағидаларын білу үшін жұмыс істейді. Көбінесе волонтерлік қызмет - төленетін жұмысқа жол салады, бұл жерде адам өзін жақсы жақтан көрсете алады, өзін әртүрлі қызмет аясында сынап көріп, өмірлік жолын анықтай алады [4].

Қазіргі кезде, еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты - еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген.

Құзіреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Сапалы білім беру арқылы жасөспірімдердің алған теориялық білімін практикалық іспен байланыстыра отырып, олардың дүние танымын кеңейтіп, белгілі бір әлеуметтік құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыра аламыз. Білімнің сапасын көтеруде қазіргі таңда қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте көп, олар жасөспірімдердің қызығушылығын арттыруда, жаңа технологиялар да жылдан-жылға көбею үстінде.

Жаңа технология негізінде жасөспірімдер, біріншіден, таныс тәсілдер арқылы бұрыннан таныс үлгілер бойынша жұмысты іске асырады. Екіншіден, танымдық іс-әрекет арқылы білім мазмұнын нәтижеге бағдарлайды. Үшіншіден, шығармашылық іс-әрекет арқылы таныс емес жағдайдағы проблемалық жағдаяттардан шығу жолдарын қарастырады, жеке адамның тұлғалануымен ерекшеленеді.

Жасөспірімдер шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ақпараттық көздерінен алынған мәліметтерді пайдалана отырып өмірден көрген практикасымен байланыстыру арқылы сұрақтардың шешімін табуға жол ашады.

Ал қазіргі оқытушы жасөспірімдерді дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуде. Оқытушы қауымнан оқушылар тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілік пен құзіреттілікті қажет етіп отыр.

Осындай күрделі іс-әрекет түрлерімен қарым-қатынасқа түсе отырып, бүгінгі талапқа сай «әлеуметтік құзіреттілік» негізінде өзінің әлеуетін көтеруді жүзеге асырады [5].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту реформасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл педагогтарға кез келген үлгімен сабақ өтуге мүмкіндік береді. Осыдан келіп жаңа технологияларды тиімді түрде қолдану қажеттігі туындайды. Бұл әдістемелер жиынтығы жасөспірімдердің өзін-өзі дамытуға, жан-жақты тануға, өзін-өзі өзектендіруге көмектеседі. Бұл орайда кез келген ізденіс оқу ісіндегі субъектілер оқушы мен оқытушының өзара іс-әрекетіне, танымдық қызметіне бағытталуы тиіс.

Жасөспірімдердің іс-әрекетін мақсатты түрде ұйымдастыру, оған басшылық жасау, білімді өз белсенділіктерімен алуға жағдай туғызу – жаңа педагогикалық технологиялардың басты белгілері болып табылады. Көп жылғы тәжірибеде В.Ф.Шаталовтың «Тірек сызбалар арқылы оқыту технологиясы», В.К.Дьяченконың «Ұжымдық оқыту тәсілі», Қ.А.Әбдіғалиевтің «Шоғырландырып-қарқынды оқыту», Ж.А.Қараевтың «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясы, жаңашыл ұстаз Қ.Бітібаеваның ізденуге негізделген озық

технологияларын пайдаланып, тиімділігіне көз жеткіздік. Қазірде осы айтылған әдістемелерді жүйелі түрде қолдануға мүмкіндік беретін «Модульдік оқыту технологиясы» кеңінен қолданылуда.

Жаңа мазмұнда оқыту жасөспірімдердің әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыруға көмектеседі. Әлеуметтік құзіреттіліктер бұл пәндер жиынтығы емес, ол оқушының білімі, білігі және дағдыларының үйлестірілген сипаттарымен байланыстыратын жаңадан қалыптасқан сапа болып табылады.

Жасөспірімдердің әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыруды мынадай әдістер көмегімен айқындауға болады:

- арнайы өз бетімен орындауға арналған тапсырмалар жүйесі;
- жобалау әдісі;
- шағын топтағы диалогтық (Сократтық әдіс), проблемалық жағдаяттар.

Сократтық әдіс ерекшелігі - әдіс қарапайым өмірлік ситуациялар негізінде құрылады. Шындықты бірлесе іздеу - білім берудегі ең басты тәсіл. Сократтың оқушылармен әңгімесі дәстүрлі тақырыптардан басталған. Диалогты өрістете отырып, оны құрамдас бөліктерге ажырата отырып, оның әрбір талқылау тармақшасынан жаңа сұрақтар тудырып, өзімен бірге ойлануға дайын адамдардың ойын шындықты іздестірудің қиын жолына апарған. Ойдың туындауына көмектесе отырып, Сократ бірде бір көзқарасты назарынан тыс қалдырмаған, алдын ала ешбір көзқарасқа жақтаспай, әңгімелесушілерді өзін-өзі жоққа шығаруға қатыстырған, осылайша, беделге емес, тек дәйектерге сенуге үйреткен. Сократтың пайымдауынша, педагог ештеңені қалыптастыру керек емес, ол басқа адамдарда даналықтың туындауына жағдай жасауы керек.

Жалпы, волонтерлік қызметті ұйымдастырушы [6]:

1) волонтерлік бағдарламаларды немесе жобаларды іске асыруды және волонтерлік акцияларды өткізуді ұйымдастырады;

2) егер бұл осы бағдарламаларда көзделсе, волонтерлік қызметті қолдау мен ынталандырудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысады;

3) волонтерлік ұйымдар өткізетін волонтерлік бағдарламалар немесе жобалар мен волонтерлік акцияларды іске асыруға қатыса алады;

4) волонтерлік ұйымға және волонтерге жоспарланатын және жүзеге асырылып жатқан волонтерлік бағдарламалар, жобалар мен волонтерлік акциялар, оларға қатысушылардың саны, волонтерлік ұйымға және волонтерлерге қойылатын талаптар, олардың өткізілу орны мен уақыты, өткізілуге қойылатын талаптар туралы, оның ішінде өзінің интернет-ресурстарына орналастыру арқылы ақпарат береді;

5) волонтерге волонтерлік қызметті жүзеге асыру үшін жағдай жасайды;

Волонтерлік қызметті қолдау шаралары демеушілік, қайырымдылық және меценаттық көмек түрінде мынадай:

- материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

- мүліктік қамтамасыз ету;

- қаржылай қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қолдау нысандарында жүзеге асырылуы мүмкін [6].

Кәсіби құзіреттілік ең алдымен оқушылардың ақпаратты сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Жасөспірімдер қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзіретті маман бола алады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстандағы волонтерлікті дамытудың жай-күйі мен перспективалары// «TALAP» қоғамдық қоры. Қолданбалы зерттеулер орталығы. -Астана, 2019.-Б.92
2. Тұрғанбекова Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы. – 2015. -Б. 208
3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі//Ғылыми-практикалық конференция материалдары). – Алматы-2018.-Б.921
4. «Математика және Логика» журналдары №3 2013 жыл, №1, 2015 жыл
5. Нагибин Ф.Ф., Канин Е.С. Математическая шкатулка. –Москва: Просвещение. -2015. -Б.198
- 6.Қазақстан Республикасының Заңы: «Волонтерлік қызмет туралы// parlam.kz/mazhilis/download/966

ОӘЖ178.11.43

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫ МЕКТЕПТЕГІ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛАУ

Хуанбек Айгерим

aa1999@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистрант,

Ғылыми жетекші – П.Б.Сейітқазы, п.ғ.д., профессор

Интернет кеңістігіндегі буллинг, агрессивті мінез-құлық біздің елімізде де, шетелдерде де жасөспірімдер арасында жиі кездесе бастағаны баршамызға мәлім. Бұның себебі: жаһандану жағдайындағы еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін сандық гаджеттер қолданатындығымен тікелей байланысты. Себебі бұл құралдардың тек байланыс құралы ретіндегі өзектілігі жайына қалып, қазіргі уақытта ақпарат көзі, ойын құралы ретінде де қолданады. Сонымен қатар, барлығына бірдей әлеуметтік желілердің қол жетімдігі тағы бар. Әлеуметтік желілердің жалпыға бірдей қол жетімділігі қазіргі уақыттағы кибербуллингтің өте кең таралып, ең өзекті мәселеге айналып отыруына себепші болып отыр. Яғни ақпараттық технологиялар мен басқа да байланыс құралдарының дамуымен жасөспірімдерді қудалау нақты өмірден интернетке көшті десек болады. Мұндай психологиялық зорлық-зомбылықтың түріне мектептегі жасөспірімдер жиі ұшырайды. Қазақстан үшін жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг мәселесі өте өзекті. Статистикалық мәліметерге сүйенсек, жыл сайын Қазақстандағы балалардың 60-65%-ы зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің, кибербуллингтің куәсі болғанын, оның 40-45%-ы буллинг құрбаны болғанын, қалғаны 20%-ға жуығы өзге балаларға қатысты зорлық -зомбылық, қорқыту, кемсіту әрекеттерін жасағандарын хабарлаған[2,82 б.]. Осылардың арасында кибербуллинг буллингге қарағанда сирек кездеседі.

Мектептегі буллингтің, кибербуллингтің алдын алу мәселесінде әлеуметтік педагогтың рөлі ерекше. Сол себепті де, әр болашақ әлеуметтік педагог мамандарын кибербуллингтің алын алуға кәсіби түрде даярлау мәселесі өте өзекті болып табылады.

Әлеуметтік педагог әртүрлі категориядағы субъектілермен балалармен, жасөспірімдермен, жастармен, ересектермен, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыратын, тұлғанын дамуы мен әлеуметтенуіне ықпал ететін маман.[1,15]

Қазақстан Республикасының әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында (Лиссабон Декларациясына қол қоюы, Болон үдерісіне қатысуы) мамандардың бәсекеге қабілеттілігі мен дайындау сапасын арттыру заманауи білім беру жүйесіндегі ең маңызды міндеттерінің бірі.